

## Пайдаланылған әдебиеттер:

### Негізгі әдебиеттер:

1. Е.А. Алябьева «Развитие воображения и речи детей 4-7 лет. Игровые технологии», Москва, ТЦ «Сфера», 2006.
2. Н.А. Рыжова «Что у нас под ногами», Москва, ООО «Карапуз-дидактика», 2005 г
3. Н.П. Посвянская «Камни земли», Москва, «Скрипторий», 2005.
4. С.Н. Николаева «Ознакомление дошкольников с неживой природой», Москва, «Педагогическое общество России», 2005.
5. С.Н. Николаева «Комплексные занятия по экологии», Москва, «Педагогическое общество России», 2005.

### Қосымша әдебиеттер:

1. А.И.Иванова “Методика организации экологических наблюдений и экспериментов в детском саду”, Москва 2007
2. Н.А.Рыжова “Я и природа”, Москва 1996 г.
3. Н.А.Рыжова “Экологическое образование в дошкольных учреждениях: теория и практика”, Москва 1999 г.
4. Т.М.Бондаренко “Экологические занятия с детьми 6–7 лет”, Воронеж 2002 г.
5. Т.Н.Зенина “Конспекты занятий по ознакомлению дошкольников с природными объектами” (подготовительная группа), Москва 2008 г.

### Сілтемелер:

1. <https://kk.m.wikipedia.org>
2. <https://syr-media.kz>

## ШКІР

«Ғажайып тастар әлемі» бағдарламасы бұл мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасын, шығармашылық қабілеті мен сөйлеу процесін дамытуға арналған бағдарлама болып табылады. Бағдарлама тастар бетінде балалардың ішкі жан дүниесін және қиялын шынғамен, шығармашылық бастауын дамытуды қалыптастырады.

Түрлі-түсті бояулар қолданылады, олармен жұмыс жасау тәсілдерін білу, кимылдармен, сөздермен, дыбыстармен суретті салу, балалардың эксперимент жүргізуге жағдай жасау, сюжетті, құралдарды, жанашырлық сезімді өз еркімен тандау, өз мүмкіндігін сезіну, мектепке дейінгі жастағы балалар мен тәрбиешілердің шығармашылығы, қызықты ашылымдарды және бір – бірінің арасындағы қарым – қатынасты түсінуді қалыптастырады.

Бағдарламаның айрықша ерекшелігі – сабақтың бір оқу жылына әзірленетіні және оқу естияр және ересек топ балаларына жүргізіледі.

Бағдарламадағы тақырып ұстанымы, осы бағдарламаның негізі болып табылады. Әрбір тақырып бір жыл ішінде жекеше түрде қарастырылады. Балалардың табиғатты, жануарлар әлемін, ертегі сюжетін, түрлі бейнелеуші құралдарды өз бетімен тандай білуі, оларды суреттеу, түрлі тәсілдерді қолдана отырып, мейрамның көңіл – күйін жеткізе білу баланың оқуына байланысты. Техникалық дағдыларды қалыптастыру, ұсталыққа оқыту, суреттелетін бейненің ерекшелігін, материалдардың бейнелеуші сипатын ескере отырып, түрлі тәсілдерді қолдануға бағытталады.

«Ғажайып тастар әлемі» бағдарламасы өте қызықты және маңызды, бейнелеу ісі арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың көркем-шығармашылық қабілетін жетілдіруге көмектеседі.

### Тақырыптық жұмыс жоспар

| Р\с | Тақырыбы                          | Мазмұны   | Сағат саны |
|-----|-----------------------------------|---|------------|
| 1   | Өлі табиғат. «Тасты безендіру»    | Балалар қоршаған орта туралы айта алады. Балалар тастарды эстетикалық талғамға безендіреді. Тастардың пайдасы туралы түсініп айтады.  | 1          |
| 2   | «Формасы мен түсі әртүрлі тастар» | Балаларға әр түрлі тастарды танып айта алады,ол тастардың формасы мен түсі әр түрлі болатындығы туралы айтады. Балалар табиғатты ластамай оны қорғау керек екендігін айта алады.                                | 1          |
| 3   | «Пішіні әдемі тастар»             | Балалар тастардың әртүрімен, олардың ерекшеліктері мен қасиеттерін ашып айтады.Пішіні бойынша тастарды ажыратады.<br><br>Тұрмыстық жағдайда пайдалануға болатындығы туралы әңгіме айта алады.                   | 1          |
| 4   | «Сипа да,ата»                     | Ойын арқылы балалар тастардың ауыр – жеңіл,үлкен – кіші екенің ажыратып,олардың қандай айырмашылығы бар екендігін айтады.   | 1          |
| 5   | «Сиқырлы лупа»                    | Балалар сиқырлы әлемге деген қиялдарын оята отырып, лупа туралы жалпы сипаттап, сиқырлы әлемдегі лупа жай ғана лупа емес ол сиқырлы екенің,лупа арқылы жоғалған кішкентай заттарды табуға болатының айта алады. | 1          |
| 6   | «Таразы»                          | Таразы туралы түсінік бере отырып, заттың салмағы және оны өлшеу осы таразының көмегімен екендігін айтады.  | 1          |
| 7   | «Жылы және суық»                  | Балалар бояулар туралы түсінік бере отырып, тастарды әдемі етіп бояй алады.   | 1          |
| 8   | «Батады,батпайды»                 | Балалар заттар туралы өткен оқу қызметін қамти отырып, зерттеу тәжірибе жасай алады.  | 1          |
| 9   | «Тастар неге әр түсті болады?»    | Тастар мен минералдар табиғаттың ғажап сыйы, жердің түпкір –  | 1          |


|    |                               |  |   |
|----|-------------------------------|--|---|
|    |                               | түпкірінен табылатын тастар өз алдына ерекше екенің балалар суреттер арқылы түсіндіріп айтады,ол тастарды танып ажыратып айта алады.                                   |   |
| 10 | «Сувенир»                     | Балалар сувинер туралы мәлемет бере отырып, сувинерді ұмытпас үшін берілетін сыйлық екенің ашып айтады.  | 1 |
| 11 | «Тастар не туралы сыбырласты» | Балалар тас құпиясы туралы айта алады.   | 1 |
| 12 | «Тас тауына саяхат»           | Балалар табиғатты аялайды, экология туралы ашып айтады. Тау ғажайыптары мен таудағы тастарды ажыратады. Өз елінің, жерінің табиғатын қорғауға дайын екендігін айтады.. | 1 |
| 13 | «Аяқ астындағы ғажайыптар»    | Балалар жердегі ғажайып табиғат құбылыстарына деген сүйіспеншілік сезімдерін оята отырып, табиғатты аялауға,қамқор болуға дайын екекндігін ашып айта алады.            | 1 |
| 14 | «Табиғат шеберханасы»         | Табиғатқа қамқорлық жасау керектігі туралы әңгімейді .   | 1 |
| 15 | «Суда тастар түсін өзгертеді» | Балалар су астындағы тастарды тани отырып, оларды жер бетіндегі тастардан ерекшелігін салыстыра алады  | 1 |
| 16 | «Мыс тауына саяхат»           | Мыс тауы туралы балалар біраз айта алады, бұл таудың жер бедерінің ерекшелігін, шикізат мол кездесетінің айта алады.   | 1 |
| 17 | «Тастар қоры»,                | Табиғатқа қамқорлық жасау туралы айтады.   | 1 |
| 18 | «Тастан жасалған гүл»         | Балалар шамасы жететін еңбек түрлерін атап айта алады. Еңбек әрекеттерін, тапсырмаларды ыждағаттылықпен және ұқыпты орындайды.   | 1 |
| 19 | «Пайдалы қазбалар»            | Пайдалы қазбалар түрлерін ашып айтады.. Адам өміріндегі маңызы зор екендігін ашып айтады.  | 1 |
| 20 | «Тастардың барлығы қатты ма?» | Балалар өз ойларын ашық айта алады.  | 1 |
| 21 | «Жер байлығы»                 | Балалар жер байлықтарын,танып мазмұндайды.. Елімізде өндірілетін   | 1 |

|    |                              |  |           |
|----|------------------------------|--|-----------|
|    |                              | қаза байлықтар жайлы айтады..  |           |
| 22 | «Біз кішкентай геологтармыз» | Балалар геолог маманы туралы айта алады.   | 1         |
| 23 | «Сиқырлы асылтастар қаласы»  | Балалар асыл тастармен таныстыра отырып, олардың әртүрлі әдемі моншақ, сырға, сақина т.б жасалатынын сипаттай алады. | 1         |
| 24 | «Айдағы ғажайып тастар»      | Балалар ғажайып тастар туралы айтады.  | 1         |
| 25 | «Сиқырлы бояулар»            | Балалар бояу түрлерін , түстері туралы айта алады.   | 1         |
| 26 | «Күз бояларды араластырады»  | Күз туралы толық мағлұмат бере отырып, күз көрінісін бейнелей алады.. Сары түсті дұрыс пайдаланады.                  | 1         |
| 27 | «Күзгі жапырақтар»           | Күз мезгілі туралы әңгімелей отырып, жапырақтарды бояй алады.  | 1         |
| 28 | «Шырша»                      | Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелей отырып, шыршаны безендіреді.  | 1         |
| 29 | «Жаңа жылдық ойыншықтар»     | Жаңа жылдық ойыншықтар туралы айтады.. Ойын барысында балалар достық, сыйластықты ажыратады.                         | 1         |
| 30 | «Қысқы өрнектер»             | Балалар жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістерді бақылайды, ажыратады. Қыс мезгілі туралы іңгімелей алады..          | 1         |
| 31 | «Аққала»                     | Балалар көргендерін әңгімелей алады.   | 1         |
| 32 | «Анама сыйлық»               | Балалар аналарының мейірімділігі туралы ,өз ойларымен аналарына деген сыйлықтарын әңгімелейді.                       | 1         |
| 33 | «Әдемі гүлдер гүлденді»      | Әртүрлі түстерді пайдалана отырып, гүл шоқтарын бейнелейді.  | 1         |
| 34 | «Көбелектер»                 | Қоршаған ортадағы сан алуан көбелектер жөнінде айтады. Өз ойларын толық жеткізіп айтады.                             | 1         |
| 35 | «Кемпірқосақ»                | Кемпірқосақ туралы толық мағлұмат айта алады.. Әртүрлі түстерді пайдалана отырып кемпірқосақ бейнесін бейнелейді.    | 1         |
| 36 | «Жайдарлы жаз»               | Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктері туралы айтады. Суреттің мазмұнын құрады және сөздерді байланыстырып айта алады   | 1         |
|    |                              | <b>Барлығы</b>   | <b>36</b> |

Темір аудандық білім бөлімі



Бекітемін :   
«Балдәурен» балабақшасының  
меңгерушісі : Ж.Н. Нұржанова  
№ 1. Педагогикалық кеңес  
Хаттама № 26.08.2020 ж

Келісілді :   
Темір аудандық білім, дене  
шынықтыру және спорт  
бөлімінің басшысы  
Г.О. Нұртаева



БАҒДАРЛАМА  
«Ғажайып тастар әлемі»  
(Ересек тобы)

Темір ауданы, 2020жыл

## Түсінік хат

«Ғажайып тастар әлемі» қосымша білім бағдарламасы –баланың қол моторикасын, шығармашылық қабілеті мен сөйлеу процесін дамытуға бағытталған бағдарлама.

«Ғажайып тастар сыры» бағдарламасы тастар бетінде балалардың ішкі жан дүниесі және қиялын шыңдаумен, шығармашылық бастауын дамытуды қалыптастырады.

Қазіргі мектепке дейінгі жастағы балалар педагогикасының негізгі мәселелерінің бірі – адамгершілігі мол және эстетикалық дамыған шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Тәрбиеші өзінің тәрбиеленушілеріне балалық шағынан бастап-ақ, барлық тамаша дүниеге деген махаббатты үйретсе, ол баланың бар өмірінде бірден бір себеп болып өтеді, баланы ашық көңіл-күйге байытады, шынайы құндылықтарды түсінуге көмектеседі

**Бағдарламаның мақсаты:** Бейнелеу ісі арқылы шығармашылық қабілеттері мен ой-қиял ұшқырлықтарын көрсетіп, тасқа сурет салуды меңгере отырып қол қозғалысының дәлдігін дұрыс қолдану арқылы олардың бірқалыптылығы мен ырғақтылығын сақтау техникасын қолдана алады.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

- Әртүрлі бейнелеуші материалдарды (түсті бояуларды) қолдана отырып, олармен жұмыс жасау тәсілдерін жүзеге асыра алады;
- Қимылдармен, сөздермен, дыбыстармен тасқа салынған суретті өз беттерінше толықтыра алады;
- Балалар эксперимент жүргізу барысында, құралдарды өз еркімен таңдап, өз мүмкіндіктерін сезініп, шығармашылық қиялдарын көрсете алады;

### **Күтілетін нәтиже:**

- Бейнелеуші құралдарды пайдалана отырып, бейнелеу ісінде суреттің бұрын соңды меңгерілген тәсілдерін жетік қолдана алады;
- Балалар сезгіштік қасиеттерінің арқасында бір затты ұстаған кездегі қол қозғалысы арқылы оларға зерттеу жүргізіп, сол затқа түсініктеме бере алады;
- Балалар техникалық дағдыларға және шеберлікке бейімделе отырып өз қиялындағы бейнені өз беттерінше бейнелей алады.

Бағдарлама аптасына 1 рет 1 сағат, оның ішінде 15-20 минут ересек топтарда жүргізіледі. Бағдарлама 1 жылға негізделіп құрастырылған.